

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
202_ ж. «__» қараша
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Гомеопатиялық дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парак)**

Саудалық атауы
Дентокинд

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы
Таблеткалар

Фармакотерапиялық тобы
Басқа да препараттар. Барлық басқа емдік препараттар. Басқа дәрілік
препараттар.
АТХ коды V03AX

Қолданылуы
Оталгиямен (құлақтың ауыруы), қызылиектің аурушаң сезімталдығымен,
қызба және диареямен бірге жүретін тістің шығуы кезінде болатын
ауырсыну құбылыстары.

Қолдану басталғанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- белсенді заттардың біріне немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса
жоғары сезімталдық

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Препарат құрамында лактоза бар. Сирек тұқым қуалайтын галактоза
жақпаушылығы, лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза
мальабсорбциясы бар пациенттерге осы дәрілік препаратты қолдануға
болмайды. Жақсару болмағанда, емдеудің тұрақты оң динамикасы
болмаған кезде немесе жаңа симптомдар пайда болса, дәрігерге
қаралыңыз, өйткені бұл жағдайда дәрігерлік көмекті қажет ететін аурулар
жайында сөз болуы мүмкін.

Келесі симптомдар пайда болған жағдайда дәрігер кеңесі қажет:

- егер бала Дентокиндке жақсы жауап бермесе,
- қосымша шағымдар пайда болған жағдайда.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Басқа дәрілік препараттармен ешқандай өзара әрекеттесуі айқындалмаған. Осы гомеопатиялық дәрілік препаратты қолдану басқа дәрілік заттарды қолдануды жоққа шығармайды.

Егер баласы басқа дәрі-дәрмектерді қабылдап жатса, жақында қабылдаған немесе қабылдауы мүмкін болса, ата-аналарға дәрігермен кеңесу ұсынылады.

Арнайы ескертулер

Гомеопатиялық ем ауруды анықтауға және дәрілік препараттарды қолдануға қатысты дәстүрлі медицинадан айтарлықтай ерекшеленеді. Гомеопатикалық дәрілер организмнің өзіндік қорғаныс механизмдерін ынталандырады және сонысымен өзін-өзі қалпына келтіру қабілеттілігін белсендіреді. Организмнің гомеопатиялық дәріге жауап реакциясы өзінше жеке дара.

Гомеопатиялық дәрілік заттарды қабылдау кезінде бар жағдай уақытша нашарлауы мүмкін (бастапқы гомеопатикалық өршу). Мұндай жағдайларда пациенттер препаратты қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралуы тиіс.

Дәрілік затты тамақпен және сусындармен қабылдауға болмайды.

Педиатрияда қолданылуы

Нәрестелер мен мектеп жасына дейінгі балаларда қолданылады.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Бұл дәрілік препарат балаларға арналған.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

0-ден 1 жасқа дейінгі балаларға:

- жедел симптомдар кезінде әр сағат сайын 1 таблеткадан, бірақ күніне 6 таблеткадан артық емес;
- жағдайы жақсарған кезде 1 таблеткадан күніне 3 рет.

1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға:

- жедел симптомдар кезінде әр сағат сайын 2 таблеткадан, бірақ күніне 12 таблеткадан артық емес;
- жағдайы жақсарған кезде 2 таблеткадан күніне 3 рет .

Енгізу әдісі және жолы

Пероральді.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Таблеткаларды тамақтан жарты сағат бұрын немесе жарты сағаттан кейін қабылдау керек. Таблеткалар ауызда баяу еруі керек. Емшек еметін балаларды емдегенде таблеткаларды аз мөлшердегі суда ерітуге болады.

Бір жасқа дейінгі балалар үшін ең жоғары тәуліктік доза - әр сағат сайын тәулігіне 6 таблетка. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар үшін ең жоғары тәуліктік доза - әр сағат сайын тәулігіне 12 таблетка.

Емдеу ұзақтығы

Әр тіс жаруы үшін 2-4 күн. Жеке жағдайға байланысты емдеу циклдры бір-біріне сәйкес келуі немесе қайталануы мүмкін.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Артық дозалану жағдайлары тіркелмеген.

Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алған жағдайда қабылданатын шаралар

Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін балаңызға екі еселенген дозаны бермеңіз.

Тоқтату симптомдарының қаупінің көрсеткіші

Ешқандай зиянды салдары күтілмейді.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша ұсынымдар

Егер Сіз Дентокинд препаратын қабылдағаннан кейін балаңызда жағымсыз әсерінің белгілері бар деп күдіктенсеңіз, бұл туралы дәрігерге немесе фармацевтке хабарлаңыз.

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін балаңызға екі еселенген дозаны бермеңіз.

Кез келген жағымсыз реакциялар туындаған жағдайда препаратты қолдануды тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір таблетка (100 мг) құрамында

<i>белсенді заттар:</i>	Atropa belladonna trit. D6	15.00 мг
	Matricaria recutita trit.D6	15.00 мг
	Ferrum phosphoricum trit.D6	15.00 мг

Hepar sulfuris trit.D12	15.00 мг
Pulsatilla pratensis trit.D6	15.00 мг,

қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза, тальк, лактоза моногидраты, магний стеараты.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Жалпақ цилиндр пішінді, ойығы бар, ақ немесе ақ дерлік түсті таблеткалар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

150 таблеткадан алюминий нығыздағыш дискісі және пластик бұрандалы қақпағы бар қоңыр шыны құтыда. 1 құтыдан медициналық қолдану жөнінде қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

5 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз.

Өндіруші туралы мәліметтер

Др. Густав Кляйн ГмбХ & Ко. КГ

Штайненфельд 3,

77736 Целль ам Хармерсбах,

Германия

Телефон: +49 (0) 7835 63 55 10

Факс: +49 (0) 7835 634 685

E-mail: info@klein-naturarznei.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Альпен Фарма ГмбХ,

Штайненфельд 3

77736 Целль ам Хармерсбах

Германия

Тел.: +49 (0) 7243 200 49 20

E-mail: info.germany@alpenpharma.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Альпен Фарма» ЖШС

Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі,

Көкөзек ауылы, 1044 құрылыс

Тел. / факс + 7 727 232-34-73,

+ 7 727 232-34-74

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com

Моб.Тел.+7 701 035 70 69 дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін
қадағалауға жауапты тұлға .

E-mail: pv.kz@alpenpharma.com